

ӘОЖ 8'81-26

ҒТАХР 16.21.51

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.1.80.003>

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «БИЛІК» КОНЦЕПТІСІНІҢ ҒЫЛЫМИ БЕЙНЕСІ МЕН ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ- МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ

*Асанова Г.С.¹, Нұрбекова Г.Ж.², Дүйсеева Л.А.³

^{*1} Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем
Тілдері Университеті, Алматы, Қазақстан

^{2,3} Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Концепт ұғымы, концепті талдау құрылымы әртүрлі тілдерде екі тілдің және мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып талданады. Зерттеу тақырыбының мақсаты құрылымы әртүрлі ағылшын және қазақ тілдеріндегі «билік», «power» концептілерінің лингвомәдени, лексикалық және семантикалық мағынасын ашу мен олардың екі тілдегі мағыналық баламаларын қарастыру және аударма барысында туындайтын мәселелерді зерттеу. Басылымға ұсынылып отырған мақалада саяси дискурс саласына жататын «билік», «power» концептілері жан-жақты талданып, екі тілге тән ұлттық мәдени ерекшелігі зерттеліп отыр. Бұл зерттеуде 1500-ге жуық «билік» концептісіне салыстырмалы-салғастырмалы, концептуалды, этимологиялық талдаулар жасалып, олардың сөздіктерде берілген мағыналары мен аудармаларына басты көңіл бөлінеді. Қазақ мәдениетінде «билік» концептісі дәстүрлі түсінік бойынша әділ шешім айтумен, адал қызмет етумен байланыстырылып, уақыт өте келе күш көрсету, аса мәртебелі болу, үкім айту секілді жағымсыз коннотациялар туғызатын болған. Ағылшын мәдениетінде «билік» алғашында қабілет ұғымында қолданылып, уақыт ағымымен күш, саяси күш, ықпалды мемлекет мағыналарында ұғынылады.

Зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі концептілердің көп қырларының ұқсас екендігі анықталды, бақылау және үстемдік, күш пен ықпал, басқару сынды негізгі мағыналар бейнеленген «power» концептісі қазақ тіліндегі «билік» концептісінің ең жақын лексикалық баламасы екендігі, кейбір мағыналарында ондай ұғым екі тілде де кездеспейтініне көз жеткізілді.

«Билік» концептін талдау барысында нақты сөздіктерден, саяси тарихи мәтіндерден мысалдар мен олардың аудармасы сарапталды. Зерттеу нәтижелері ұлтаралық, сондай-ақ мәдениетаралық эксперименттер жүргізу барысында, концептуалдық талдаулар жасауда қолданыс таба алады. Аударма талдауларын ассоциациялық сөздіктерді, екі тілді сөздіктерді құрастыруға, жоғарғы оқу орындарындағы лингвомәдениеттану, когнитивті

лингвистика, мәдениетаралық коммуникация секілді пәндерді оқыту тәжірибесінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: концепт, перцептивті, когнитивті, этимологиялық, концептуалды талдаулар, ұлттық сана, ұлттық-мәдени ерекшелік, билік концепті

Кіріспе

Мақалакөптеген ғылыми қауымдастықтың қызығушылығын туғызатын концептілердің әмбебап түрі болып табылатын «билік» концептісінің белгілі бір ұлт және мәдениет қабылдануындағы өзгешеліктеріне, сонымен қатар оның бір тілден екінші тілге аударылу барысындағы мәселелеріне арналады. Мақалада берілетін зерттеудің *мақсаты*: туыс емес екі тілдің концептосферасында ерекше орын алатын «билік» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау және аударма барысында туындайтын мәселелерді зерттеу.

«Билік» концептісін зерделеу мақсатында ең алдымен концепт ұғымын түсініп алайық, негізгі құрылымдық бірлік ретінде адам санасында шындықтың сан алуан оқиғалары мен құбылыстарын түсіну, жеке және әлеуметтік тәжірибені, нақты кеңістіктерді, уақытты, географиялық, тарихи және мәдени ортаны ескере отырып, кез келген нақты жағдайда басым болатын ұғыммен байланыстыратын нақты танымдық іс әрекет нәтижесі [1, 352 б.].

Нақты бір өркениет тарихындағы билік туралы ұлттық түсінік объективті себептерге байланысты өзгерістерге бейім болып келеді. Билік – қоғам өмірінің құбылысы, ал әрбір қоғам өз дамуында белгілі бір кезеңдерден өтеді. Жеке даму нәтижесінде әрбір мемлекетте басқарудың ерекше үлгісі мен белгілі бір саяси тәртіп орнайды. Олар тарихи жағдайлар мен саяси дағдарыстар әсерінен өзгеруі мүмкін. Мысалы бүгінгі қазақ қоғамы президенттік билікке сонау хандық биліктен түрлі өзгерістер нәтижесінде келіп отыр. Халық санасындағы билік бейнесінің өз динамикасы болады. Билік бейнелері ағымдағы саяси жағдайлар ықпалымен ғана емес, көп уақыттық факторлар, мәселен ұлттық саяси мәдениет дәстүрлер әсерінен де орнауы мүмкін.

Қазақ және ағылшын тілдері екі бөлек болуы себебінен, сыртқы дүниенің құбылыстарын түсініп-тану да бұл мәдениеттерде өзгеше болады. Осылайша, «билік» концептісін қабылдаудағы айырмашылықтардың болуы түсінікті. Бұл қабылдау, ең алдымен, дүниені танып білумен байланысты. Әрбір халық оны өзінше түсінеді, осылайша концептілерге өзіндік ұлттық-мәдени із қалдырады.

Саясаттанушылар мен қоғамдық ғылымдар зерттеушілерінің жұмыстарында «билік» түсінігі «күш», «бақылау», «ықпал», «басымдық», «артықшылық», «бедел», «үстемдік» секілді ұқсас ұғымдармен қатар жүреді. Осылардың арасында «билік», «күш» және «бедел» ұғымдары ықпал ету

формалары ретінде ұғынылады. Бір адамға ықпал ету оның басқалардан жоғары болуын көрсетеді. Кейде ол күш арқылы көрсетілуі мүмкін. Ал заң, бұйрық, лауазым жағынан басымдыққа ие болу ықпал етудің билік арқылы көрсетілуін білдіреді. Ал ықпал етудің бедел арқылы көрсетілуі тұлғаның қоғамдағы жалпы жағымды позициясына байланысты.

Ең алдымен, «билік» концептісінің этимологиялық құраушысын анықтаған маңызды деп ойлаймыз. Бұл бізге оның тілде қандай себептерге байланысты пайда болуын түсінуге мүмкіндік береді. Осы тәртіппен біз ұлттық дәстүрлі санада берілген концептінің алғашқы мағыналарын мен ерекшеліктерін ашып көрсете аламыз.

Зерттеуші М.Ахеттің айтуынша «билік» сөзі «би» сөзінен жасалған туынды зат есім болып табылады [2]. Ал «би» сөзі қазақ халқының санасында тек әділ шешім айтатын, дау-дамайды шешендігімен аяқтайтын, халықты бітістіретін тұлға ретінде көрініс табады. Яғни әуел бастан «билік» сөзі тек оң ассоциациялар қалыптастыратын сөздің туындысы ретінде дәл сондай ой келтіретін болған. Ал М.Қашғари өзінің әйгілі «Диуани лұғат ат-Түрік» (Түркі сөздерінің сөздігі) еңбегінде «билік» бойынша арнайы бір мақал береді және ол мағынасы бойынша, егер адам айтқан кеңеске құлақ асатын билік күннен-күнге гүлденсе, кеңессіз ол күннен-күнге өшетін болады деген тұжырымды қамтиды [3]. Ал Г.Е. Дюсембинаның айтуынша, «билік» лексемасы шығу тегі жағынан иелену мәніне жақын.

«Билік» концептісінің ұғымдық белгілерін ашу үшін көптеген концептуалды талдаулар сөздіктерге сүйенеді. Қазақ тілінің көптеген түсіндірме сөздіктерінде «билік» түсінігіне екі мағына аясында анықтама беріледі. Оның бірінші анықтамасында мынадай түсініктемелер жинақталады:

1. *Басқарушылық, басшылық, әкімшілік* [4, 354 б.]. Бұл мағынада билік дегеніміз адамға берілген басқару құралы, адамның ажырамас сипаты ретінде суреттеледі:

- Әрине, осының бәрін жүзеге асыру үшін үлкен **билік** керек.
- Сондықтан да күш қана емес, **билік** те менде.

Байқайтынымыздай, мұндағы «билік» концептісі әлдебір күшті, орындалмас нәрсені орындауға мүмкіндік беретін қасиет болып берілген. «Биліктің» бұл жерде нақты қандай екендігі айтылмайды. Сондықтан, оны барлық жағынан қарастыруға болады. Бұлар – қазақ тіліндегі «билік» концептісінің басқару, басшылық ету деген когнитивті сипаттарды жинақтайтын бірінші категориясы.

2. *Үкімет, мемлекетті басқару органы.*

- **Билік** сайлаудың легитимді және адал өтуіне мүдделі.
- Бұлар – өздерінің заңды талаптарын **билікке** білдіруші азаматтар [4, 354 б.].

Бірінші категорияда «билік» сипатының анық емес екендігі айқын болса, екінші категорияда оның саяси орындармен, саяси құзыреттілікпен

тығыз байланысын көруге болады. Берілген мысалдарда «билік» концептісі органдар, мемлекеттік, үкімет құру деген анықтаушы сөз не сөз тіркестерімен қатар қолданылады.

Саяси немесе мемлекеттік билік кез келген қоғамның әлеуметтік құрылымындағы биліктің әмбебап, жалпыға бірдей түрі болып табылады. «Құқық» абстрактілі мәнін оның субъектіге тиесілі болуы арқылы ұғынуға болады. Субъект ретінде басқару органдарының жүйесі және осы орындарды иеленетін лауазымы бар тұлғалар жүреді. Мұндай тұлғаларға министрлерді, депутаттар мен басқа да шенеуніктерді жатқызамыз. Оларға бағынатын қарапайым халық билік объектісі болып саналады.

Арнайы өкілеттігі бар адамдар жинақтай бейнелетін болса, олар лауазымды тұлғалар мағынасын білдіреді. Бізді қоршаған әлеуметтік орта құрылымдарында мұндай тұлғалар әр түрлі қызмет салаларында болады және олардың қызметі заңдылық пен тиімділік тұрғысынан бағаланады.

Әдетте басқару орындары мен лауазымды тұлғаларға тән билік құбылысының бейнесін арнайы бір мекемелерге жинақтай қабылдау қалыптасқан. Мысалы, Қазақстан Республикасында жоғарғы мемлекеттік билік Ақордада орналасқан. Сондықтан нақты ғимараттың атауынан онда орналасқан билік өкілдеріне метонимикалық көшу жиі байқалады. Әсіресе, бұл байланысты Ақорда, мәжіліс, министрлік, сот, әкімдік, прокуратура, милиция және т.б. сөздердің лексика-семантикалық нұсқаларының метонимикалық туындыларында жиі байқалады.

Осылайша, адам санасындағы «билік» менталдық құрылымының шеңберінде «билік өкілеттілігі бар және билік орындарын білдіретін тұлғалар» → «билік органы» → «билік органы орналасқан ғимарат» тізбегі секілді көрініс табатын үзілмес байланыс орнайды.

3. Мансап.

• Маған керегі – баянсыз атақ не уақытша билік емес, байсалды атақ пен түпкілікті, абыройлы **билік**.

• Сенен несін жасырайын, атақ та керек, **билік** те керек.

• **Билікке** қарай қол созба, жақсы оның бәрі деп [4, 354 б.].

Бұл мысалдардан байқайтынымыздай, «билік» концептісі енді «атақ-даңқ» концептілерімен қатар қолданылып, сондай бояуға ие болған. Мұндағы «билік» абсолютті күш пен жоғарылықтың белгісі емес, атақпен, танымалдылықпен сипатталатын қасиет болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген анықтамаларында «билік» концептісі құрылымындағы билік қатынастарының қатыстылық сипатын жағдайын айқындауға болады. Яғни мұндай жағдайда субъект біреуге (бірнәрсеге) билік етеді, ал объект біреудің (бірнәрсенің) билігінде болады. Билік субъектісі бұл ретте билік объектісіне қатысты әрекетті жүзеге асырады, соның нәтижесінде олардың арасында тең емес қатынастар құрылады. Бұл әкімшілік түріндегі әлеуметтік-лауазымдық қатынастар (мысалы, бастық-қызметкер), тұлғааралық қатынастар (мысалы, отбасындағы ересек

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «билік» концептісінің ғылыми бейнесі...

адам - отбасындағы бала), сондай-ақ кең және тар мағынадағы мүлдік қатынастар (мысалы, меншік иесі) болуы мүмкін. Билік қатынастарының функционалдық аспектісі белгілі бір әрекетті анықтайды. Ол басқару, бағыну, билік ету, билеу секілді әрекеттер болуы мүмкін. Ал ықпал ету құралы ретінде күш, құқық не бедел және тағы да басқалары жүре алады.

«Билік» түсінігінің екінші анықтамасында мынадай сипаттамаларды айқындауға болады:

1. *Билердің айтатын төрелігі, шешімі.*

• **Билігін** бұрмай тура айтқан, төбедей билер төрде жоқ [4, 356 б.].

Жоғарыда айтылғандай-ақ, бұрынғы уақытта қазақ халқының дәстүрлі сана-сезімінде «билік» концептісі билермен, шешендермен байланыстырылатын болған және оның астарында көбінесе жақсы, позитивті идеялар мен ассоциациялар жатады.

2. *Қылмысты іс жөнінде шығарылған сот үкімі.*

• Халық соты істі ақтара тексеріп, айналдыра қарап **билігін** шығарды [4, 356 б.].

Бұл ұғымдық категорияға сүйенетін болсақ, жоғарғы категориядағы «биліктің» заманауи нұсқасының берілгендігін көреміз. Егер орта ғасырларда сот ісін билер атқарған болса, қазіргі заманда оны айрықша құқығы бар орындар жүзеге асырады.

Мемлекеттік биліктің табыстайтын айрықша билік құқықтары билік ететін орындардың бірнеше тармақтарында және аумақтағы басқару орындарында пайдаланылып, жүзеге асады. Лауазымы бар тұлғалар мемлекеттік және әкімшілік өкілеттіктерді асыратындықтан, «билік органдары» мәні «арнайы билік орындарында берілген өкілеттікті атқаратын адамдар» мағынасымен тығыз байланысты.

3. *Жарлық, бұйрық, әмір.*

• **Билігін** берекелі болса көркем, басыңа тұра алмайды бақыт қонбай [4, 356 б.].

4. *Ерік, ықтияр.* Бұл анықтамаға сәйкес, билік іс-әрекет еркіндігін беретін құрал ретінде сипатталады:

• Егер қолымда **билік** болса, әрине, солай істер едім де.

5. *Тағдыр, кесім.*

• Шығайда бір жақсы адам іске аспаса, **билігі** мырзалардың қалды құлға [4, 356 б.].

Бұл категориядағы «билік» концептісінің ұғымдық сипаты оның бір адамның өмірі үшін, тағдыры үшін нүкте қоятын жағдайды білдіреді.

Қазақ тіліндегі «билік» концептісінің ұғымдық құрамдасын қарастыру арқылы оның жалпы қандай түсінікке ие болатындығы анықталды. «Билік» концептісі қазақ халқының ұлттық сана-сезімінде тарихи оқиғалар ағымымен өзгеше сипатқа ие болып, бір мағынадан екінші мағынаға ауысып, өзгеріп отырғанын байқауға болады. Бастапқы уақыттары ол жағымды ассоциациялар туғызған болса, соңғы кездері жағымсыз коннотациялар

туғызғаны ұғымдық компонентті талдаған кезеңде-ақ белгілі болды. «Билік» концептісі көбінесе үстемдік ету, артықшылыққа ие болу, мемлекеттіліктің белгісі секілді когнитивті сипаттамаларды біріктіріп, осы ұғым аясында қабылданады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Бұл зерттеуде концептілердің зерттелуіне үлес қосқан И.А. Стернин, З.Д. Попова, Д.С. Лихачев, В.И. Карасик, С.Г. Воркачев секілді белгілі тіл мамандарының еңбектері, сонымен қатар «билік» концептісінің қарастырылуына ат салысқан Е. Шейгалдың «Семиотика политического дискурса» атты монографиясы, Г. Дюсембинаның «Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі (саяси мәтіндер негізінде)» атты докторлық диссертациясы негізге алынды. Ал концептілердің аударма мәселелерін қарастыруға А.Н. Приходько, Р. Newmark сынды тіл мамандарының еңбектері арқау болды.

Бұл зерттеуде салыстырмалы-салғастырмалы талдау, концептуалдық талдау, контексттік талдау және аударма трансформациялары мен техникалары қолданылады.

Зерттеу аясында авторлар ағылшын және қазақ тілдеріндегі 1500-ге жуық «билік» концептісінің ұғымдық белгілерін ашуға тырысады және оны мысалдармен талдау үшін концептуалды талдаулар, этимологиялық талдау, сөздіктерде берілген мағыналары мен аудармаларына лексикографиялық талдау береді, концептуалдық, когнитивтік және дискурстық талдаулар жасайды.

Нәтижелер мен талқылау

Салыстырмалы-салғастырмалы талдаудың бірден бір аспектісі ретінде «билік» концептісінің ағылшын тіліндегі «power» концептілік баламасының ұғымдық құрамдасын қарастырған маңызды. Осы секілді әдісте қолданылған кейбір жұмыстарда «биліктің» баламасы «authority» ретінде берілген. Дегенмен мұндай балама тек тар аяда қолданылып тұрғандықтан, концептінің зерттелу мүмкіндігін шектейді. Осындай жағдайды болдырмас үшін «билік» концептісін кең мағынада қарастырған маңызды. Сол себепті «билік» концептісі «power» концептісіне эквивалент болып табылады.

«Power» ағылшын концептісі ағылшын-француз *pouvoir* және көне француз *potis* сөзінен шыққан. Олар өз кезегінде *potis* латын сөзінен жасалған. Бұл концепт «қабілет, бірнәрсені істей алу, күш» секілді мағынада сонау 1300 жылдары-ақ қолданылған. Кейіннен «үстемшілік ету, қожалық ету» сипатына ие болып, заң және әскер салаларындағы билік ретінде тілге ене бастаған [5].

Ағылшын тілінде «power» концептісінің ұғымдық бөлігін анықтау мақсатында «Oxford Dictionary of English» сөздігіндегі төмендегі сипаттамаларды қарастырамыз. Бұл сөздікке сәйкес барлық мағыналық категориялар үш анықтама аясында сипатталады:

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «билік» концептісінің ғылыми бейнесі...

1. Бірнәрсені істеу немесе әрекет ету қабілеті: «*the power of speech*» (сөйлеу қабілеті), «*I will do everything in my power to help you*» (Саған көмектесу үшін мен қолымнан келетіннің бәрін істеймін) [6, 1393 б.];

2. Жағдайлар ағымында басқалардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын бақылауда ұстау, ықпал ету қабілеті: «*she had me in her power*» (мен оның билігінде болдым/ ол мені бақылауда ұстады) [6, 1393 б.]; Бұл анықтамаға келесі сипаттар кіреді:

- Әсіресе үкіметке берілген саяси немесе әлеуметтік үстемдік не бақылау: «*the party had been in power for eight years*» (бұл партия сегіз жыл бойы билік басында болды);

- Бір адамға берілген немесе тапсырылған үстемдік: «*police do not have the power to stop and search*» (полицияның доғарып, іздестіріп кететіндей билігі/өкілеттігі жоқ);

- Мемлекеттің әскери қуаты: «*the sea power of Venice*» (Венецияның теңіз күштері);

- Әскери күші мен халықаралық ықпалы бар ел немесе мемлекет: «*a great colonial power*» (ұлы колониялық держава);

- Белгілі бір контекст аясында қуатты, ықпал ете алатын тұлға немесе топ: «*he was a power in the university*» (ол университеттегі маңыздардың (ықпалы көп) бірі еді);

- Тылсым күштер: «*the powers of darkness*» (түнек күштері);

3. Бірнәрсенің әрекет ету қасиеті немесе функциясы: «*the power of the storm*» (дауыл күші);

- Механикалық күш қолдану немесе жұмыс істеу мүмкіндігі: «*a surge of power from the engine*»;

- Спорт саласында спортшы, спортшылар тобын немесе ойнау стилін білдіретін көрсеткіш: «*a power pitcher*»

- Линзалардың үлкейткіш қабілеті: «*The main ocular determinants of refraction are the focusing power of the cornea and crystalline lens and the length of the eye*» [6, 1393 б.].

4. Механикалық немесе электрлік жолдармен алынатын энергия: «*generating power from waste*»;

- Бір аумаққа, мекемеге берілетін электрлік энергия, энергия көзі немесе нысаны: «*they were left without power*» (олар электр қуатынсыз қалды);

- Пайдаланылатын механикалық күш: «*a power drill*»;

5. Физикалық шығу қуатының көрсеткіші: «*It likes to trumpet its all out speed while ignoring the 130 watts of power and size of the beast*» [6, 1393 б.];

6. Қандай да бір санның бірнеше есе ұлғаю (көбейту) нәтижесінде алынған өнім: «*2 to the power of 4 equals 16*»;

7. Үлкен сан немесе бір нәрсенің саны: «*there's a power of difference between farming now and when I was a lad*» [6, 1393 б.].

Көріп отырғанымыздай, заманауи ағылшын тілінде «power» ұғымы күрделі көпмағыналы құрылым болып табылады және оның мағыналарының алуандығын сипаттары бойынша үш топқа бөліп қарастыруға болады. Олар – а) қасиет, ә) адамдар және б) заттар, техника. Бірінші топқа мынадай мағыналар кіреді: 1) бір нәрсені істей алу, бір нәрсеге әсер ете алу; 2) аса үлкен ықпал көрсете алу, физикалық не ақылақтық күш, күш-қуат; 3) басқаларды басқару, үстемдік, басым болу, жеке және қоғамдық ықпал; 4) әрекет етудің заңды мүмкіндігі, өкілдік, құқық, өкілеттіктерді, сенімдерді табыстау. Екінші топқа «билігі, ықпалы не үстемдігі барлар» семасымен жинақталған элементтер, сондай-ақ қолданыстан шығып қалған көнерген мағыналар қатары кіреді. Үшінші топқа кіретін құрамында «power» лексемасы бар, атап айтқанда, ат күші, математикадағы дәреже, өнімділік секілді техникалық терминдердің бұл диссертациялық жұмыс тақырыбы аясында қарастырылмайды, себебі зерттеуде «power» түсінігін кең мағынасында қоғам құбылыстарының бірі ретінде талдаған маңызды.

«Power» концептісінің шығуы сипаттарын және мән-мағынасын талдау оның мағыналық өрісіндегі негізгі, тірек белгілерді айқындауға мүмкіндік береді. Мұндағы басты мағына – іс-әрекет еркіндігін қамтамасыз ететін және басқалардың іс-әрекет мүмкіндігін шектейтін, соған ықпал ететін ерекше қабілет. Өрістің келесі негізгі элементі – күш, күш-қуат, саяси күш секілді лексемалармен суреттелетін мағына. Ағылшын тілінде қазақ тіліндегідей басқа адамдарға үстемдік пен бақылау жүргізу мағынасы айқын көрінеді. «Power» концептісінің ядросына кіретін соңғы сема билікті құзыреттілігі, өкілеттігі бар субъектіні бейнелейді. Осылайша, «power» концептісінің мағыналық құрылымы төрт негізгі категориялар көмегімен суреттеледі.

Екі тілдегі «билік» концептісінің ұғымдық құрылымын қарастыруды қорытындылайтын болсақ, ағылшын тіліндегі «power» сөзінің мәндері қазақ тіліндегі «билік» концептісіне қарағанда ауқымды болатынын байқаймыз (қазақ тілінде 8 мағыналық категорияға, ағылшын тілінде жеті белгі аясына жинақталған 18 мағыналық категорияға ие). Тағы бір айырмашылық – «power» сөзінің үстем болу, билік ету, әсер ету мәнінде етістік қалпында бола алмауы, сондықтан мұндай әрекетті білдіру үшін «билікті жүзеге асыру» немесе «билікті пайдалану» сияқты тіркестер қолданылады. Ал қазақ тілінде «билеу» етістігі бар және ол да «билік» зат есімінің мағыналық жиынтығына ие.

Алайда, «билік» және «power» екі түрлі сөз дегенді білдірмейді. Біріншіден, көптеген мағыналар екі сөз үшін де ортақ. Әсіресе, бұл биліктің әлеуметтік түсінік ретіндегі семантикалық өрісіне қатысты мағыналарға қатысты, себебі ағылшын тілінде сөздің техникалық және энергетикалық мәндері көп. Бұл мағынада олар «биліктің» («power») жалпы (бірдей) мағыналық өрісін жасайды.

«Билік»/«power» концептілерінің жоғарыда аталған және талданған

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «билік» концептісінің ғылыми бейнесі...

белгілерін жинақтай келіп, оны төменде берілген «Кесте – 1» арқылы көрсетеміз:

Кесте 1. Қазақ тіліндегі «билік» концептісі мен ағылшын тіліндегі «power» концептісінің қолданылу аясы

Концептілердің белгілері/сипаттары	«билік» концептісі	«power» концептісі
Бақылауда ұстау, үстемдік ету	+	+
Күш, ықпал, қабілет	+	+
Басқару түрі	+	+
Басқару мүмкіндігі	+	+
Басқару органдары	+	-
Қызметтік тұлғалар	+	-
Әсер ете алу қабілеті	+	+
Заң жүзінде әрекет ету, өкілеттік	+	+
Өкілеттікті, сенімді тарату	-	+
Держава/ірі мемлекет, ұлт	-	+
Бедел	+	-

Осылайша, қазақ және ағылшын тілдеріндегі концептілердің көп қырларының ұқсас екендігі анық көрінеді. Бақылау және үстемдік, күш пен ықпал, басқару сынды негізгі мағыналар бейнеленген «power» концептісі қазақ тіліндегі «билік» концептісінің ең жақын лексикалық баламасы екендігін тура айта аламыз. Бұл сипаттардың ішіндегі «power» концептісінің ең басты айырмашылығы – ірі мемлекет пен ұлтты бейнелеуі. Қазақ тіліндегі «билік» концептісі атауы айтып, бір елді не ұлтты білдірмейді, дегенмен ағылшын тіліндегі баламасына қарағанда белгілі бір билік институттарын немесе билік функцияларын атқаратын қызметтік тұлғаларды бейнелейді.

Қандай да бір концептінің этно-мәдени ерекшелігін, спецификасын толық анықтап, ашып көрсету үшін оның бір ғана құрамдасын талдаған жеткіліксіз. Концептілердің сөздіктерде берілетін анықтамалары, жалпы айтқанда, олардың нені атайтындығын, нені білдіретінін ғана көрсетеді. Яғни ұғымдық құрамдастың талдауы бізге концепт жөнінде ортақ түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл жағдайда оның басқа да компоненттерін ашып талдаған жөн.

Концепт құрылымындағы бейнелер арқылы берілетін компонент қабылданымдық бейне және когнитивті бейне секілді екі құрамдастан тұрады. Қабылданымдық бейнеге әдетте көзбен көру, жанасу, есту және сезу арқылы берілетін бейнелер жатады, ал когнитивті бейнеге метафоралық бейнелер жатады. «Билік» концептісінің бейнелік компонентін қазақ және ағылшын халықтарының дәстүрлі саналарындағы танымдық бейне мысалдарын зерттеу арқылы қарастыруға болады.

Ең алдымен, «билік» концептісінің перцептивті (қабылданымдық) бейнесін қарастырайық:

1. Биліктің көзбен көрінетін бейнелері:

Ұғымдық құрамдасты талдаған кезде «биліктің» қазақ қауымында бұрынғы уақыттары билермен, бектермен, сонымен қатар хан, төре, қожа сияқты концептілермен ассоциацияланғанын анықтай алдық. Осылайша, сол заманда даналығымен, парасаттылығымен, әділдігімен халықтың үлкен сеніміне ие болған билердің бейнесі «билік» концептісінің бейнелік құрамдасына кіреді. Оны қазақ тіліндегі бірнеше мақал-мәтелдерден байқауға болады. Мысалы, «**Билікті айту оңай, оны біліп айту қиын**», «Биді құдай ұрса, **билігі дау** болады», «Төр кімдікі болса, билік те соныкі», «Адалдан жимасаң, байлық неге керек. Әділдік құрмасаң, **билік** неге керек»; «Төр кімдікі болса, **билік** соныкі»; «Әулекі *би* ат үстінен **билік** айтар». Биліктің билермен қалыптастырылған бейнесі өз кезегінде мынадай тізбек қалыптастырады: би → билік → шешім, төрелік → әділдік → әділ билік. Сонымен қатар, халқымыздың үлкен буын өкілдерінің бүгінгі күні де «Өзі би, өзі қожа», «Сен де – хан, мен де – хан, атқа жемді кім салар» сынды сөз орамдарын қолданады. Бұл қазақ халқының түпкі санасындағы тарихи жағдайлардың әлі де айқын із қалдырғанын, билердің қазіргі кезде де биліктің бейнесі болатынын көрсетеді.

Дәстүрлі билік бейнесі қазақ қоғамында тұлға арқылы беріледі. Дегенмен де ХХІ ғасырдағы билік ету құрылымдарының өзгешелігі себебінен биліктің де өзгеше бейнесінің орын алуына түрткі болды. Қазіргі кезде билікті мемлекет басындағы қызметтік тұлғалармен, соның ішінде елбасы, президент, үкімет және осы секілді тағы да басқа бейнелермен тікелей байланыстырылады. Ал «билік» концептісі аталған сөздердің барлығының орнына қолданыла береді. «Билік» бұл орайда толыққанды абстрактілі концепт ретінде емес, тұлға арқылы берілетін және көрініс табатын концепт ретінде әрекет етеді. Халық арасында биліктің көбінесе атқарушы табы талқыға түседі. Бұл атқарушы биліктің әрекеті БАҚ арқылы айтылып отыруы себебінен туындайды.

Бүгінгі таңда билік өкілдері мен қарапайым халық арасындағы қашықтық бұқаралық ақпарат құралдарына байланысты бірте-бірте азаюда. Біз биліктің іс-әрекетін, оның берген уәделерін, отыратын орындары мен айтқан сөздерін мұқият бақылай аламыз. Осындай жолмен саяси көшбасының бейнесі тұлғаланып, оның символдық қасиеттері жоғалады. Сондай-ақ баспасөз саласы халықтың билік бейнелерін қабылдауға үлкен ықпал етеді, себебі әр медиа өкілі билікті әр түрлі көрсетуі мүмкін. Адам өзінің ой-пікіріне байланысты осы құралдар арқылы өзінің билік бейнесін құрастыра алады.

Осы аталған перцептивті бейненің көзбен көру арқылы берілетін бейнелік құрамдасы «билік» концептісінің антроморфтық қасиеттерін айқындайды:

Билік – ол адам: жергілікті билік, атқарушы билік, биліктің іс-әрекеті, билік жауабы, билік көзі;

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «билік» концептісінің ғылыми бейнесі...

Билік – ол адамға тиесілі: билігі бар болу, билікті ұстау, билік ету, билікке ие болу;

Билік – ол қарым-қатынас өкілі: халық пен билік, азаматтар мен билік, халық пен билік арасындағы диалог.

Билік – ол жанды құбылыс: билік жүргізу.

2. Биліктің жанасу арқылы берілетін бейнелері:

Бұл бейнелер көбінесе биліктің етістікпен жалғасқан формаларында кездеседі. Мысалы, биліктің жанасу арқылы бейнелері былай беріледі: билік тізгіні (тізгін арқылы билікті ұстауға болады), билік қамшысы (қамшы арқылы билікті ұстауға болады), билік тию (билік қолға тиеді, яғни жанасады), билік ұстау, қолда билік жоқтық, баста билік қалмады.

3. Биліктің есту арқылы берілетін бейнелері:

Мұндай бейнелер билікке есту мүшелерін қолдану арқылы берілуі мүмкін. Мысалы, билік құлақ аспайды, билік естімейді, билік шақырады және т.б.

Байқайтынымыздай, «билік» концептісінің қазақ тілінде көзбен көру арқылы берілетін перцептивті бейнелері басым болып келеді. Оның жанасу және есту арқылы берілетін бейнелері мұншалықты жарқын бейнеленбеген, деген де тілде өзіндік ізі бар. Алайда, «биліктің» сезу бейнесі тілде көрініс таппаған.

Ағылшын тіліндегі «power» концептісінің перцептивті бейнелерін қарастыратын болсақ, ол мынадай сипаттар көрсетеді:

1. Көзбен көру арқылы берілетін бейнелер.

Ағылшын халқында көптеген ғасырлар бойы монархиялық билік орын алғандықтан, бұл олардың дәстүрлі сана-сезіміндегі билік бейнелерінің қалыптасуына әсер етті. Мұндай перцептивті бейнелер көп жағдайда символдар ретінде де суреттеледі. Мысалы, тәж және тақ. Олар ағылшын халқының жалпы тарихы мен дәстүрлі билік құрылымының анықтаушы атрибуттары болып табылады. Бұл – билікті тұлғаландырудың (жансыз денені жанды нәрсе секілді қабылдау) айқын көрінісі. Монарх – биліктің адам арқылы суреттелетін, басқаша айтқанда, антроморфтық бейнесі. Ағылшындарда монарх әдетте king (король) немесе queen (королева), ал олардың отбасысы монарх әулеті болып табылады. Олардың арасындағы әйгілі билік бейнелері: Елизавета I, Виктория, Арыстан жүректі Ричард I, Елизавета II. Ағылшындық сана-сезімде король не королева бейнесі мінсіз, кіршіксіз таза болып қалыптасқан. Сол себепті оларда the king's English фразасы қолданылады. Оның мағынасы – шұбарланбаған ағылшын тілі, яғни ағылшын тіліне ешбір жаргон сөздер қоспай тек монарх қана сөйлейді деген түсінік қалыптасқан. Халық пен монарх билігінің ара қатынасы мына мақалда суреттеледі: «Kings go mad and the people will suffer for it» – «Әмірші есерсе, әлеумет сорлайды».

Уақыт өте келе, монархтың абсолютті билігі шектелгенде, билік бейнесі үкімет өкілдерімен беріле бастады. Мысалы, «*the power behind the*

throne» идиомасын алатын болсақ, оның тарихы Уильям I Питтің Лордтар Палатасында сөйлеген сөзімен байланысты. Ол бұл фразаны сол уақытта бірінші болып қолданады, содан соң уақыт өте келе қарапайым адамдардың лексиконында өз орнын табады. Мұндағы «билік» тақ артында тұрған нағыз билік иесі болып табылатын адамдарды білдіреді. Ал «*corridors of power*» идиомасы билігі орасан зор тұлғалардың отыратын орындары мен істеген әрекеттерін білдіре отырып, министрлерге қатысты қолданылған. Тағы бір ағылшын фразасы «*the powers that be*» ұлттың діни сенімінің нәтижесі болып табылады, және ол сатирикалық бояуға ие.

Сонымен, power концептісі ағылшын тілінде былай бейнеленеді:

Power is a person: king's power, queen's power;

Power is an attribute: power of the crown, power of the throne;

Power is person's action: to exercise power, to be in power.

2. *Сезу арқылы берілетін бейнелер.*

Ағылшын тілінде қазіргі таңда «power» концептісінің сезу арқылы берілетін бейнелері қалыптасып келеді. Солардың арасында «soft power» және «hard power» (билікті жұмсақ және қатты түрде сезіну) тіркестерін ерекше атап өтуге болады. «Soft power» бұл биліктің материалдық емес жолдармен жүзеге асуы болса, «hard power» материалды амалдармен іске асыру.

«Билік» концептісінің қазақ тіліндегі когнитивті бейнесін мынадай фразеологиялық тіркестер арқылы көрсетуге болады:

1) бағындыру, бағындыра алу мағынасында: мойнына құрым ілу; көк желкесіне міну; мысы басу; бір шыбықпен айдау; қамшысын үйіріп отыру; уысында ұстау; уысынан шығармау; шырқ иіру; қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу; мойнына ерттей міну; табанынан тік тұрғызу; басын байлау; тізгінді қолға алу; ұршықтай айналдыру; дегеніне көндіру; қойдау жусату; темірдей тәртіпке бағындыру; сығымдап ұстау.

2) айтқанына көну, билігіне мойынұсыну мағынасында: қойнына кіріп, қонышынан шығу; табанын жалау; шашбауын көтеру; атса – оғы, шапса қылышы болу; қол жаулық болу; отымен кіріп, күлімен шығу.

3) орасан билікке ие болу мағынасында: қасқалар мен жайсаңдар; мүйізі қарағайдай болу; дүниенің тұтқасын ұстау; бір ернімен көк тіреп, бір ернімен жер тіреу.

4) өз билігі болу: өзі би, өзі қожа.

Г.Е.Дюсембина өз мақаласында «билік» концептісінің қазақ тілі баспасөз беттерінде биліктің тақ, күнделік ретіндегі, сондай-ақ жүйе, «Мәңгілік Елді» жүзеге асырушы бейнесіндегі метафорлар секілді кездесетінін айтады [7, 238 б.].

Ағылшын тілінде «power» концептісінің когнитивті бейнелері төмендегідей көрініс табады:

1) басқару мағынасында (белгілі бір жағдай кезінде басқалардың мінез-құлқын бағыттау немесе әсер ету қабілеті): call the shots/call the tune,

gain the upper hand, hold sb to ransom, hold sway over sb/sth, hold/take the reins, turn/twist sb round one's finger, rule the roost, take the helm, take the lead, bring to heel, carry weight, crack the whip, force someone's hand, read the riot act, speak softly and carry a big stick, under one's thumb.

2) үлкен билікке адамдар мағынасында: big fish, friends in high places, an iron fist in a velvet glove, top dog, big shot.

3) билігі шектеулі не мардымсыз болу мағынасында: paper tiger, rank and file.

Адам санасында «билік» концептісі бейнелерінің қалыптасуына қазіргі уақытта саясатта болып жатқан оқиғалардан басқа бұрынғы кезеңдерден бері дамып келе жатқан саяси мәдениет тарихы да әсер етеді.

Жеке адамның санасында «билік» бейнелерінің қалыптасуына, сондай-ақ өзіндік себептер де ықпал етеді. Осы факторларды үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа билікті атқарушының мінездемелері, яғни саяси билік пен оны бейнелейтін тұлғалардың, саяси көшбасшылардың сипаттамалары жатады. Тұлғалық деңгейде билікті абстрактілі категория ретінде қабылдау, билік институттары мен ондағы басшыларды қабылдау әр түрлі болады. Яғни әр тұлға билікті өзінше қабылдайды. Себебі, ең біріншіден, осы қабылданымның қалыптасуы аталған саяси көшбасшының жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты [8, 62 б.]. Басқаша айтқанда, қандай да бір тұлға билік өкілінің сипаттарын жағымсыз деп таныса, онда оның санасында дәл осындай бейнелер сақталады.

Екінші топты қабылдаудың қарым-қатынастық компоненттері ретінде белгілеуге болады [8, 62 б.]. Оларға қабылдау үрдісінің психологиялық тетіктері жатады. Осы механизмдердің көмегімен тұлға санасында биліктің бейнесі қалыптасады.

Саяси биліктің жеке бейнесінің қалыптасуына ықпал ететін себептердің үшінші тобын қабылдаудың жеке компоненттері құрайды. Бұл – қабылдаушы тұлғаның сипаттамалары. Мұндай сипаттамаларға тұлғаның жантанымдық және әлеуметтік ерекшеліктері де жатады. Әлеуметтік ерекшеліктер ретінде жеке тұлғаның жасы, жынысы, білім деңгейі, әлеуметтік-материалдық дәрежесін айтуға болады, ал психологиялық сипаттамаларға тұлғаның өзі туралы түсінігі, өзін-өзі бағалау деңгейі, өзіндік құндылықтары мен саяси көзқарастары жатады [8, 62 б.].

Осы үш топқа бейнелер қабылдаудың жағдаяттық компоненттерін жатқызуға болады. Бұл компонентке тарихи, әлеуметтік, саяси, экономикалық контексттер шеңберінде қалыптасатын билік бейнелері жатады. Мысалы, бүгінгі таңда қазақ қоғамындағы саяси биліктің қабылдануына өктемшіл билік түрінен халық билігі түріне ауысуы нәтижесінде орын алған өзгерістер әсер етеді. Сондықтан биліктің қазіргі заманғы бейнелері ұжымдық санада сонау замандардан сақталған адамдармен салыстырылуы арқылы да беріледі.

Жеке тұлға санасындағы билік бейнесі түрлі деңгейдегі көптеген компоненттермен құралады. Алайда адамның билік туралы ойы мен көзқарастарының көп аспектілері ұғыныла бермейді.

Концептінің құндылықты компоненті әдетте тұлғаның бағалауы арқылы айқындалады. Мұндай бағалауға концептінің позитивті не негативті, сондай-ақ бейтарап ассоциацияларын жатқызуға болады [9, 129 б.]. Осылайша, «билік» концептісінің құндылықты компонентін осы концептімен қолданылатын сөздер арқылы анықтауға болады. Бұл үшін «билік» лексемасының қолданылуы мысалдарын келтірейік.

Қазақ тілінде «билік» концептісінің құндылықты компонентінің бағалау аспектісінің жағымды ассоциациялары төмендегідей көрініс табады:

- әділ билік: Бабалар мұрасы – *әділ билік*. Таза сайлау өтпей, *әділ билік* болмайды.
- адал билік: *Адал билік* айтатын адам рабайда бір қатыннан туады деген рас (А.Тоқмағамбетов, жыр.)
- тура билік: Суреткердің осыншалық сүйікті болу себебі – Ғабеннің шыншылдығында, *тура билігінде*.
- абыройлы билік: Маған керегі – баянсыз атақ, уақытша билік емес, байсалды атақ, түпкілікті, *абыройлы билік*.

Қазақ тіліндегі жағымсыз бағалау мынадай тіркестермен беріле алады:

- қисық билік: Шарифатта *қисық билік* айтқан бидің орны тозақта деген.
- шексіз билік: *Шексіз билік* иесі монархтарға шекелей қарайтын.
- теріс билік: Жеткенінше ақылым, *Теріс билік* бермеймін.
- арандатушы билік. Ең басты *арандатушы – билік!*
- жауыз билік: *Билік - ол жауыздық* дейді.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі *билік басындағылар, билік үстемдігі, орасан зор билік* секілді тіркестер жағымды бағалауға қарағанда теріс пікірдегі бағалауға көбірек ие. Мысалы, билік басындағылар – биліктің шыңына шыққандар, билік үстемдігі – халықты басыну, орасан зор билік – үлкен ықпалмен өз дегенін істеу. Г.Е. Дюсембина өз диссертациясында осы концептінің құндылықты компонентін ашу мақсатында тәжірибе жүргізе отырып, қазақ халқы санасында жағымсыз бағалаудың басым екендігін айтады [10, 88 б.].

«Power» концептісінің ағылшын тіліндегі құндылықты компонентінің бағалау аспектілерінде мазмұндық жағының кең болуы себебінен жағымды-жағымсыз сипаттар да, бейтарап сипаттар да көп кездеседі. Мысалы, жағымсыз бағалау: *absolute power corrupts absolutely, abuse of power, to cling to power*; жағымды бағалау: *a great power, power of friendship*; бейтарап бағалау: *special power*.

«Билік» концептісінің басқа да концептілермен байланысы бар. Оның ең көп таралғандарының бірі – «билік» концептісінің «еркіндік» концептісімен байланысы. Билік субъектісінің әрекет ету және бұйыру

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «билік» концептісінің ғылыми бейнесі...

еркіндігі билік объектісінің бойұсынуын, бағынуы мен тәуелділігін ұйғарады. Яғни еркіндік бұл жерде екі аспект тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Бірі – билік еркіндігінің шексіздігі: Билік қарапайым азаматтардың еркіндік жолындағы бар мүмкіндіктерін шектеп тастады. Ал екіншісі – халық еркіндігінің шегі: «Еркіндікті шектеген – билік».

Жалпы, «билік» концептісінің құндылықтарын ашып көрсететін құрамдасында мынадай аспектілерді ажыратуға болады: қызметтік аспект, бейімдік аспект, эмоционалды-бағалау аспектісі және реттеуші аспект.

Қызметтік аспект «билік» түсінігінің қоғам тіршілігінің маңызды алғышарты екендігін көрсетеді. Мұндай құбылыстың пайда болуы әлеуметтік қатынастарды реттеу үшін, қарама-қайшы пікірлерді бір келісімге келтіру үшін, адамдар арасында ұйымдастырылудың болуы қажеттілігінен туындаған. Билік қоғам өмірінің тірек негізі болып табылатын құбылыстар қатарына жатады. Дегенмен кез-келген қоғамда саяси, мемлекеттік билік түрлері әмбебаптығы мен жалпылығына байланысты ұғыну мен түсіну, ойлау секілді процестерден өтеді. Билік қоғамның қалыптасуы мен өмір сүруі үшін өз міндеттері мен қызметтерін атқарады.

Бейімдік аспект бойынша саяси билікті ең біріншіден оның субъектісі, яғни билікке ие тұлға бейнелейді. Белгілі бір әлеуметтік топтар мен тұлғалар бүкіл қоғамның қызығушылықтарын жүзеге асыратын саясат саласын құрайды. Мұндай билік өкілдерінің тек арнайы өкілеттіктері ғана емес, басқа да артық тұстары бар. Психологиялық көзқарас бойынша билікті иелену адамды рахатқа бөлейді, себебі билікке ие болу арқылы адам қоғамның шындарына шығып, аса басымдыққа ие бола алады.

Эмоционалды-бағалау аспектісі. «Билік» концептісінің бағалау компоненті биліктің өнегелік бағасын айқындайтын белгілерді қамтиды. Мысалы, заңды билік/заңсыз билік, дұрыс билік/ бұрыс билік, әділетті билік/ әділетсіз билік. Мұндай өнегелік бағалар билік өкілдерінің саяси қызметтерін сипаттайды. Билік өкілдері халық үшін жауапты, олардың шешімі қоғам өміріне әсер ететіндіктен, билік өнеге жағынан бағаланады.

Реттеуші аспект. Бірқатар зерттеулердің көрсетуінше, билік бейнелері мінсіз билеушілер (көшбасшы) туралы түсінікке байланысты қалыптасады. Мінсіз көшбасшы халықтың қойған психологиялық талаптарына сай болуы тиіс. Яғни, оның сыртқы келбеті де, өз кәсібінде алда болуы да, қоғамдағы белсенділігі де санадағы бағалауларды реттейді.

Қорытынды

Осылайша, «билік» құбылысын концепт ретінде тану және қарастыру барысында көпшілікке жалпы, белгілі бір шағын топ өкілдеріне ортақ және жеке тәжірибелер байқалады. Ал билік туралы ғылыми және тарихи-мәдени түсініктер «билік» концептісінің ерекшеліктері мен оның концепт ретінде қалыптасуының алғышарттарын анықтауға мүмкіндік береді.

«Билік» концептісінің ғылыми бейнесі мен оның қазақ және ағылшын

тілдеріндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеу, талдау арқылы мынадай қорытындылар шығаруға болады:

- Концепт адам санасында ғасырлар бойы көптеген жағдайлар мен оқиғалар әсерінен пайда болып, өзгеріп отыратын менталды құрылымдар;

- Концептілердің көптеген классификациялары мен типологиялары бар және бір концептті әр түрлі түрге жатқызуға болады;

- Зерттеушілердің айтуынша, концепт міндетті түрде ұлттық-мәдени ерекшелікке ие болуы тиіс; бұлай болмаған жағдайда, ұғымды концепт деп атау мүмкін емес;

- Концептілер типологиясында жалпыға түсінікті, барлық ұлттар концептосферасында ерекше орын алатын әмбебап концептілер болады және олардың әмбебаптығына байланысты этно-мәдени спецификасы жоқ деп қарастырылуы қате түсінік, себебі әрбір ұлт немесе мәдениетте әмбебап концепттің өзіндік сипаттары болады.

- «Билік» концептісі ұлттық-мәдени ерекшелігі бар әмбебап концептілер қатарына жатады.

- «Билік» ұғымы концепт ретінде көптеген ғылым салаларында зерттеледі.

- «Билік» концептісі тұлғааралық қатынас концептісі ретінде бір адамның (не топтың) басқа адамдарға (не топтарға) қарағанда басымдыққа ие болып, соларды бақылау, басқару және соларға ықпал ету қасиеттерін білдіреді.

- Қазақ мәдениетінде «билік» концептісі дәстүрлі түсінік бойынша әділ шешім айтумен, адал қызмет етумен байланыстырылып, уақыт өте келе күш көрсету, аса мәртебелі болу, үкім айту секілді жағымсыз коннотациялар туғызатын болған.

- Ағылшын мәдениетінде «билік» алғашында қабілет ұғымында қолданылып, уақыт ағымымен күш, саяси күш, ықпалды мемлекет мағыналарында ұғынылады.

- Екі мәдениетте де концепттің құрамдас компоненттері өз ерекшеліктеріне ие. Билік бейнелерінің қалыптасуына, оның бағалауына осы билікке ие тұлғалар мен соларды көрсететін бұқаралық ақпарат құралдары әсер етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Solonchak T., Pesina S. Concept and its structure. Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2015. – №192. – P.352-358. DOI:10.1016/j.sbspro.2015.06.050 https://www.researchgate.net/publication/280230693_Concept_and_its_Structure

[2] Ахет М. Би сөзінің этимологиясы. www.dalanews.kz/27045

[3] Сейитбаев Б. Средневековый мыслитель Махмуд Кашгари о нравственном начале добросовестного правления. http://kgcode.akipress.org/unews/un_post:1656

- [4] Online Etymology Dictionary. www.etymonline.com/search?q=power.
- [5] Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. — Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. — 1488 б.
- [6] Stevenson A. Oxford dictionary of English (3rd ed.). — Oxford University Press, 2010. — 2069 p.
- [7] Дюсембина Г.Е. Қазақ баспасөзіндегі «билік» концептісінің репрезенттелуі // Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хабаршысы. — 2017. — №3. — Б. 232-239.
- [8] Санников С.В. Образ, идеология, архетип: методологические аспекты изучения репрезентации власти // МЕТОД: Московский ежегодник трудов из обществоведческих дисциплин. — 2018. — №8. — С. 61-84.
- [9] Iskakova N.S., Noruzova G.B. The concept “welfare” in British social media discourse // Bulletin of Ablai khan KazUIR and WL. Series “Philological sciences”. — 2024. — №1(72). — P.129-141.
- [10] Дюсембина Г.Е. Мерзімді баспасөздегі ғаламның аксиологиялық бейнесі (саяси мәтіндер негізінде): PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. — Алматы, 2016. — 177 б.

REFERENCES

- [1] Solonchak T., Pesina S. Concept and its structure // Procedia – Social and Behavioral Sciences. — 2015. — № 192. — P.352-358. DOI:10.1016/j.sbspro.2015.06.050 https://www.researchgate.net/publication/280230693_Concept_and_its_Structure
- [2] Ahet M. Bi sozinin etimologyasy [Etymology of the word Bi]. www.dalanews.kz/27045 [in Kaz.]
- [3] Seitiibayev B. Srednivekovyi myslitel Mahmud Kashgary o nravevstvennom nachale dobrosovestnogo pravlenyia [Medieval thinker Mahmud Kashgari on the moral principle of good governance]. http://kgcode.akipress.org/unews/un_post:1656 [in Rus.]
- [4] Online Etymology Dictionary. www.etymonline.com/search?q=power.
- [5] Kazakh sozdigi (Kazakh tilinin birtomdyk ulken tusindirme sozdigi) [Kazakh dictionary (Explanatory dictionary of Kazakh language)] /Kurasturgan: N. Y zhane t.b. — Almaty: «Dauir» baspasy, 2013. — 1488 b. [in Kaz.]
- [6] Stevenson A. Oxford dictionary of English (3rd ed.). — Oxford University Press, 2010. — 2069 p.
- [7] Dusembina G.E. Kazakh baspasozindegi «bilik» conseptisinin representtelyi [Representation of the concept “power” in the Kazakh press] // Batys Kazakhstan memlekettik universitetinin habarshysy. — 2017. — №3. — B.232-239. [in Kaz.]
- [8] Sannikov S.V. Obraz, ideologiya, arhetip: metodologicheskiye aspekty izucheniya representasii vlasty [Image, ideology, archetype: methodological aspects of studying the representation of power] // МЕТОД: Moskovskiy

ezhegodnik trudov iz onshestovedtecheskikh disciplin. – 2018. – №8. – S. 61-84. [in Rus.]

[9] Iskakova N.S., Noruzova G.B. The concept “welfare” in British social media discourse // Bulletin of Ablai khan KazUIR and WL. Series “Philological sciences”. – 2024. – №1(72). – P.129-141.

[10] Dusembina G.E. Merzimdi baspasozdegi galamnyn aksiologialyk beinesi (sayasi matinder negizinde) [Axiological representation of the universe in the periodical press (based on political texts)]: PhD filosofia doktory darezhesin alu ushin dayindalghan dissertasiya. – Almaty, 2016. – 177 b. [in Kaz.]

ИЗУЧЕНИЕ НАУЧНОГО ОБРАЗА КОНЦЕПТА «ВЛАСТЬ» И НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЙ СПЕЦИФИКИ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

*Асанова Г.С.¹, Нұрбекова Г.Ж.², Дүйсеева Л.А.³

¹Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

^{2,3}Казахский Национальный Исследовательский Технический Университет имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

Аннотация. Концепт и структура анализа концепта в разных языках рассматриваются с учётом языковых и культурных особенностей двух языков. Цель исследования заключается в раскрытии лингвокультурного, лексического и семантического значения концептов «билік» и «power» в английском и казахском языках, а также в рассмотрении их семантических эквивалентов в двух языках и изучении проблем, возникающих в процессе перевода.

В статье всесторонне анализируются концепты «билік» и «power», относящиеся к сфере политического дискурса, и исследуются национально-культурные особенности, присущие каждому из двух языков. В рамках данного исследования было проведено около 1500 сравнительно-сопоставительных, концептуальных и этимологических анализов концепта «билік», при этом основное внимание уделялось значениям и переводам, представленным в словарях.

В казахской культуре концепт «билік» в традиционном понимании связывается с вынесением справедливого решения и честным служением, однако со временем он стал приобретать и негативные коннотации, такие как применение силы, высокий статус, вынесение приговора. В английской культуре концепт «power» первоначально использовался в значении способности, а с течением времени стал пониматься как сила, политическая власть, влияние могущественного государства.

В результате исследования было установлено, что многогранные аспекты концептов в казахском и английском языках во многом схожи. Концепт «power», отражающий такие основные значения, как контроль

и господство, сила и влияние, управление, является наиболее близким лексическим эквивалентом концепта «билік» в казахском языке, при этом было выявлено, что некоторые значения отсутствуют в обоих языках.

В ходе анализа концепта «билік» были рассмотрены примеры из конкретных словарей, политико-исторических текстов и их переводы. Результаты исследования могут быть использованы при проведении межнациональных и межкультурных экспериментов, а также при осуществлении концептуальных анализов. Материалы переводческого анализа могут найти применение при составлении ассоциативных и двуязычных словарей, а также в практике преподавания таких дисциплин в высших учебных заведениях, как лингвокультурология, когнитивная лингвистика и межкультурная коммуникация.

Ключевые слова: концепт, перцептивный, когнитивный, этимологический, концептуальный анализ, национальный разум, национально-культурные особенности, концепт власть

STUDY OF THE SCIENTIFIC IMAGE OF THE CONCEPT «POWER» AND NATIONAL-CULTURAL SPECIFICITY IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

* Assanova G. ¹, Nurbekova G. ², Duyseeva L. ³

*¹Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

^{2,3}Kazakh National Research Technical University by K.I. Satbayev Almaty, Kazakhstan

Abstract. The concept and the structure of conceptual analysis in different languages are examined with consideration of the linguistic and cultural characteristics of the two languages. The aim of the study is to reveal the linguocultural, lexical, and semantic meanings of the concepts “bilik” and “power” in the structurally different English and Kazakh languages, to examine their semantic equivalents in both languages, and to investigate the issues that arise in the process of translation.

The article submitted for publication provides a comprehensive analysis of the concepts “bilik” and “power,” which belong to the field of political discourse, and explores the national and cultural characteristics inherent in each language. In this study, approximately 1,500 comparative, contrastive, conceptual, and etymological analyses of the concept “bilik” were conducted, with primary attention given to the meanings and translations presented in dictionaries.

In Kazakh culture, the concept “bilik” in its traditional understanding is associated with delivering fair judgments and serving honestly; however, over time it has also developed negative connotations such as the use of force, high status, and the authority to pass judgments. In English culture, the concept “power” was initially used in the sense of ability, but over time it came to be

understood as strength, political power, and the influence of a powerful state.

As a result of the study, it was determined that the multifaceted aspects of the concepts in the Kazakh and English languages are largely similar. The concept “power,” which reflects core meanings such as control and dominance, strength and influence, and governance, is the closest lexical equivalent of the Kazakh concept “bilik,” while it was also established that certain meanings are absent in both languages.

During the analysis of the concept “bilik,” examples from specific dictionaries and political-historical texts, as well as their translations, were examined. The results of the study can be applied in conducting interethnic and intercultural experiments and in performing conceptual analyses. The findings of the translation analysis may be used in compiling associative and bilingual dictionaries and in the teaching practice of disciplines such as linguocultural studies, cognitive linguistics, and intercultural communication in higher education institutions.

Keywords: concept, perceptive, cognitive, etymological, conceptual analyses, national consciousness, national-specific features, concept power

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 20.10.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Асанова Гүльнар Сайрамбековна – PhD, профессор, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0005-8148-0046>, e-mail: mergen-2009@mail.ru

Нұрбекова Гулназира Джалиловна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-3486-1565>, e-mail: g.nurbekova@satbayev.university

Дүйсева Лайла Абибуллаевна – магистр, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2455-4193>, e-mail: l.duiseyeva@satbayev.university

Информация об авторах:

Асанова Гүльнар Сайрамбековна – PhD, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0005-8148-0046>, e-mail: mergen-2009@mail.ru

Нурбекова Гулназира Джалиловна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Казахский Национальный Исследовательский Университет им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-3486-1565>, e-mail: g.nurbekova@satbayev.university

Дуйсеева Лайла Абибуллаевна – магистр, Казахский Национальный Исследовательский Университет им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-2455-4193>, e-mail: l.duiseyeva@satbayev.university

Information about the authors:

Assanova Gulnar Sairambekovna – PhD, Professor, Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0005-8148-0046>, e-mail: mergen-2009@mail.ru

Nurbekova Gulnazira Zhalelovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Research Technical University by K.I. Satbayev, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-3486-1565>, e-mail: g.nurbekova@satbayev.university

Duyseeva Laila Abibullaevna – Master of Arts, Kazakh National Research Technical University by K.I. Satbayev, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2455-4193>, e-mail: l.duiseyeva@satbayev.university